

ORLEU

«Өрлеу» Инновациялық технологиялар орталығы»

# 1 сыныпқа құжаттарды қабылдау

**E-bilimal жүйесінде жұмыс жасауға арналған нұсқау**

1. Оқушыларды 1-сыныпқа қабылдау бойынша жұмысты бастау үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

- Браузерді ашып (Google Chrome, Mozilla firefox және т.б) адрестік жолға: https://e.bilimal.kz сайт адресін көрсету қажет.



2. [https://e.bilimal.kz](https://e.bilimal.kz) сайтын ашқан кезде басты бетте «Тіркелу» немесе **1-сыныпқа тіркелу** панелінен «Толығырақ» батырмасын таңдай аласыз. Егер «Тіркелу»-ді таңдасаңыз, тіркеу формасын толтырып, тіркелуіңіз керек



3. https://e.bilimal.kz сайтын ашып басты беттегі 1-сыныпқа тіркелу панелінен «Толығырақ» батырмасын таңдаған жағдайда, Мемлекеттік қызметтің толық сипаттамасы бар парақ ашылады.



4. Мемлекеттік қызметтің толық сипаттамасы бар парақтан «Өтінім беру» батырмасын басқанда кезде тіркеу формасы ашылады, тіркеу формасын толтырып, тіркелу қажет. Әрі қарай, өтініш формасы ашылады.



5. Егер сізде Edumark есептік жазбасы болса, сәйкестендіру үшін «Кіру» батырмасын басып, есептік жазбаңыздың мәліметтерін енгізуіңіз қажет.



6. 1-сыныпқа қабылдау және тіркелу үшін өтінім беру үшін «Өтінім беру» батырмасын басу қажет. Ашылған нысанда ата-ана туралы, бала туралы ақпаратты толтырыңыз, қажетті құжаттарды тіркеп, «Ары қарай» батырмасын басыңыз. Оқыту тілі мен баланың тұрғылықты мекенжайын көрсетіңіз, «ОК» батырмасын басыңыз. Содан кейін «Өтінім беру» батырмасын басыңыз.



7. Егер сіз қалауыңыз бойынша мектепті таңдағыңыз келсе «Басқа мектепті таңдау» батырмасын басып, мекен-жайды көрсетіп, «Іздеу» батырмасын басыңыз.



8.«Өтінім беру» батырмасын басқаннан кейін өтініш құру формасы ашылады, онда сіз өтінішке қол қойып, оны мектепке жіберуіңіз қажет.






9. Өтінімдер бөлімінде «Мектепке жіберу» батырмасын басқаннан кейін сіз өтінімнің «Жіберілді» мәртебесін көресіз, сонымен қатар өтінішіңіздің одан кейінгі мәртебелерін бақылай аласыз. Қызмет көрсетуші сіздің өтінішіңізді қабылдаған жағдайда немесе қабылдамай кері қайтарса, өтінімнің мәртебесі «Өтінім қабылданды» немесе «Қабылданбады» болып өзгереді, сондай-ақ тіркелу кезінде көрсетілген электронды пошта мекен-жайына хабарлама жіберіледі. Қызмет көрсетуші өтінімді қабылдағанға немесе кері қайтарғанға дейін өтінішті өз бетінше кері қайтара аласыз.



10. Жүйеге кірген кезде әдепкі қалпында «Өтінімдер» парағы ашылады, қосқан барлық өтінімдер көрсетіледі. Мұнда сіз өтінімнің мәртебесін бақылай аласыз.





# Назарларыңызға рақмет!

Сұрақтар бойынша gosusluga@bilimal.kz поштасына хабарласыңыз